

Т.Т.Пірімбетов, А.А.Ахметова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті  
(E.mail: turmahan54@mail.ru)*

## Қазақ тіліндегі шылаулардың морфологиялық тұлғасы мен лексика-грамматикалық мәні

Мақала тіліміздегі шылау сөз табының тілдік табиғатына арналған. Шылау сөздердің морфологиялық құрылымы мен лексикалық-грамматикалық мағыналары қарастырылды. Авторлар шылаудың басқа сөз таптарынан айырмашылықтарын көрсете отырып, оның толық мағынасының болмайтыны, сөйлем ішінде шылау сөздер сөйлем мүшесі бола алмайтыны, шылаулар сөз бен сөзді не сөйлем мен сөйлемді салаластыра, сабақтастыра байланыстырып немесе толық мағыналы сөздің жетегінде оған қосымша мән үстей қолданылатыны, түрленбейтіні және басқа сөз таптарынан жұрнақ арқылы жасалмайтыны нақты мысалдар негізінде талданған. Шылаулар лексикалық мағынасынан айырылу нәтижесінде туған көмекші сөздер ретінде саналады деген қорытынды жасалған.

*Кілт сөздер:* шылау, көмекші сөздер, морфологиялық форма, лексикалық мағына, грамматикалық мағына, сөз таптары, септеуліктер, демеуліктер.

Шылау сөздердің сөз таптарының ішіндегі өзінің тілдік табиғаты, қызметі, қолданысы жағынан ерекшеленуімен қатар, тұлғалық өзгеріске түспеуі, оның негізгі морфологиялық белгісінің бірі болып табылады. Осындай қасиеттеріне байланысты қазақ тіл білімінде шылауды топтастыруда түрліше тұжырым, пікірлер бар.

К.Аханов шылаулардың «көмекші сөздердің лексикалық мағыналары мен грамматикалық мағыналарының ұласып, бір-біріне сіңісіп кететіні соншалық, олар кейде аффикстер тәрізді қызмет атқарып, солардың мағыналарына барабар мағыналарды білдіреді» деп көрсете отырып, грамматикалық мағыналары сәйкес келген жағдайларда бірінің орнына бірі қолданыла алатындығын да айтып, шылаулардың грамматикалық мағынасы қосымшалардың грамматикалық мағынасымен сәйкесетінін мысалмен келтірген [1].

Бірақ шылаулардың морфологиялық формалар арқылы түрленіп өзгермеуі негізгі қасиеті болғанымен, оларда басқа сөз таптарында болатын кейбір ерекшеліктер кездесіп отырады. Басқаша түсіндірер болсақ, сын есім есімдер тобына жатса да, өзінің сындық қалпында септік, көптік, тәуелдік жалғауларын қабылдамайтыны мәлім әрі кейбір есімдік сөздер де септелмейді. Ал, кей септеуліктер сол септеулік дәрежесінде тұрып-ақ морфологиялық жағынан тұлғаланып, кейбіреулері септік формасын, кейбіреулері көптік, жіктік жалғауларын қабылдап, кейбіреулері жұрнақтарды да қосып алып, түрленіп өзгеріп отырады.

Тілімізде кездесетін осындай септеулік шылауларға тоқтала кетер болсақ, атау септікті меңгеретін септеуліктерден «бойы» сөзі тілімізде барыс, жатыс, көмектес септік формаларында келеді. Мысалы: *Осындай тойлар Алуаны жағалай қонған ауылдарды жаз бойына біріне-бірі ұласып жатты* (С.М.). *Байтас та күлген бойында қайта оралып келеді екен* (М.Ә.). *Сүлеймен жылаған бойымен айта берді* (С.Ер.).

Бұл сөйлемдерде «бойы» септеулігі «бойына, бойында, бойымен» формасында келгенімен, оның негізгі көмекшілік қызметі мен мағынасында өзгеріс болып тұрған жоқ. «Бойы» сөзіне жалғанып тұрған «-на, -нда, -мен» жалғауларын жалғамай-ақ: *Осындай тойлар Алуаны жағалай қонған ауылдарды жаз бойы біріне-бірі ұласып жатты. Байтас та күлген бойы қайта оралып келеді екен. Сүлеймен жылаған бойы айта берді* деп өзінің алғашқы тұлғасында айтуға да болады. Олай болса, «бойы» септеулігі септеліп өзгереді деп қарамай, кейбір септік формаларын қабылдау қабілеті сақталған деп қарағанымыз дұрыстау болады деген пікірдеміз.

Сол сияқты *туралы* септеулігі өзінің негізгі көмекшілік мағынасында әр түрлі морфологиялық тұлғада тұрып қолданыла береді. Мысалы: *Құлыншақтар ол турада өздерін кінәлі деп санар емес* (М.Ә.). *Күнкенің аулы Құнанбай турасынан ертерек хабарланып тұрады* (М.Ә.). *Тоғжан турасындағы ең соңғы үміт бұл да кетіп қалды* (М.Ә.).

Бұл сөйлемдердегі «турада, турасынан, турасындағы» сөздер — «туралы» септеулігінің түрленіп келген варианттары. Алғашқы екі сөйлемде «туралы» септеулігі тіркескен сөздердің толықтауыш, соңғы сөйлемде анықтауыш орнында екені сөйлеуде ашық көрініп тұрғаны болмаса, қанша түрленсе де, «туралы» көмекшісінің негізгі қызметі мен мағынасына нұқсан келтіретін емес, «туралы» болып келсе де, ол тіркестер «неменеге?, неге өздерін кінәлі деп санар емес?, неден хабарланып тұрады?, қандай соңғы үміт кетіп қалды?» деген сұрауларға жауап болып тұр.

«Жөнінде» септеулігі де кейде шығыс септік формасында «жөнінен» түрінде де жұмсалады. Мысалы: *Жаңағы арыз жөнінен Ақбас берген бірнеше сұрауларға жауап айтып болды да, Абай тағы кітаптарға қадалды* (М.Ә.) дегенде де «жөнінен» формасы көбінесе ауызекі сөйлеуде ұшырасады. «Жөнінде» септеулігіне, әдетте, сын есімнің «-гі» жұрнағы жалғанып келеді. Сонда да тіркескен сөзіне септеулік дәрежесінде қызмет етіп отырады. Мысалы: *Асқар бұл жөніндегі өзінің пікірін сол кездегі баспасөз бетіне жазды.*

«Сияқты, тәрізді, секілді, сықылды» септеуліктері көмекшілік дәрежесінде тұрып, есім сөздердей көптік, септік жалғаулары арқылы өзгереді, жұрнақ арқылы да етістікше өзгереді. Мысалы: *Саяси сабақ оқытқан Забировтың сөзін түсіну маған да, мен сияқтыларға да оңай болған жоқ* (С.М.). *Бұл теңсіздіктің өзегін суырып тастамай дүмбілез қалдырып келген мына сіз сияқтылардың өзі сияқтылардың сөзі мен ісі* (Х.Есенж.). *Таза тас сияқтанған күміс кесек, Жапырақ секілденген таза төсек* (І.Ж.). *Бұл адам Асқарға Ботакөз сияқтанып кетті* (С.М.). *Бұл сөз Байсалдардың қабағына қарағанда ұзаққа бармайтын тәрізденді* (М.Ә.).

Сан есімдермен тіркесіп келетін «шақты, шамалы» септеуліктері де тәуелденіп барып, табыс септік формасын қабылдайды. Бірақ өзінің алғашқы көмекшілік қалпын өзгертпейді. Мысалы: *Басшыдан қырық шақтысын құлатқан соң, Қалғаны тоз-тоз болды шыдай алмай* (И.Б.). *Қояннан күніне он шамалысын ұстайды* (С.М.).

Барыс септігін меңгеретін «дейін, шейін» септеуліктері сын есімнің «-гі» жұрнағын қабылдап өзгергенімен, өзінің сол септеулік қалпында қызмет ете береді. Мысалы: *Бұл күнге шейінгі өмір — екеуінің үлеспеген енісіндегі ортақ өмір* (М.Ә.). *Алдымен, сіздің бұл күнге дейінгі біздер туралы ойлаған ойыңыз бен біздің күткен үмітіңізді білгім келеді* (Ә.Ә.).

«Соң» септеулігінің морфологиялық ерекшелігі басқаша, яғни сол көмекшісі «сол» сілтеу есімдігінің шығыс септік формасы түсіп қалғанда онымен қосылып жазылады. Мысалы: *Істен сөзіңіз көбірек болатын, сонсоң ұрсатынбыз* (Ғ.Мүс.). *Бейсен сонсоң түнде кетті* (Ғ.Мүс.).

Ал есімшенің өткен шағына тіркесетін жағдайда шақ жұрнағының соңғы «-н» дыбысы кейде түсіріліп қалып айтылса, «соң» септеулігі кейде «сын» болып жалғанып келуі тілімізде жиі ұшырап отырады. Мысалы: *Нағашылық, құрбылық, татулық — бәрі бір жерден шыққансын үшеуі* (Амантай, Тұяқ, Ұлберген) *жандай дос-ты* (С.М.). *Қолдан келері аз болғансын, ол орнына қасын беруді ойлады* (С.М.).

«Соң» септеулігіне сын есімнің «-ғы» жұрнағы жалғанып кетуі де кездеседі. *Содан соңғы әңгімеге біз араласпадық* (С.М.).

«Былай» септеулігі — тек сын есімнің «-ғы» жұрнағын қабылдап барып өзгереді. Бірақ оның септеулік мәні өзгермейді. Мысалы: *Бұдан былайғы әңгімені екеуінің аузынан күттік* (М.Ә.). *Бұдан былайғы жұмыстарыңа көмектесіп тұрам* (Б.М.).

«Бірге» көмекшісі тіркескен сөз есім баяндауышпен байланысқанда, «кіммен?» сұрағына жауап беріп, жанама толықтауыш болады. Мысалы: *Бұл табысқа Омарғалимен бірге сушылар Абдоллаев, Рахманов жолдастар да ортақ* (М.Қар.).

«Бірге» септеулігі тіркескен сөздер бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы болады. Мысалы: *Қалың ел жаңа жырды айтумен бірге, жаңасын да шығаруда* (М.Қар.).

Шылау сөздердің семантикалық-грамматикалық топтары сөздерді бір-бірімен тіркестіру қабілетіне қарай бөлінеді [2]. Септеуліктердің тағы да бір ерекшелігі бар. Олар өздері тіркескен сөздердің семантика-грамматикалық мағынасын толықтырумен бірге, сол сөздердің сөйлем ішіндегі басқа сөздермен байланысын да қамтып, оларды бір-бірімен септестіріп тұрады. Бұл жағынан қарағанда, олар септік жалғауларына ұқсайды.

Сөйтіп, шылаудың басқа сөз таптарынан мынадай айырмашылықтары бар:

1. Шылаудың толық мағынасы болмайды.
2. Сөйлем ішінде шылау сөздер сөйлем мүшесі бола алмайды.
3. Шылаулар сөз бен сөзді не сөйлем мен сөйлемді салаластыра, сабақтастыра байланыстырып немесе толық мағыналы сөздің жетегінде оған қосымша мән үстей қолданылады.

4. Шылаулар түрленбейді және басқа сөз таптарынан жұрнақ арқылы жасалмайды. Шылаулар — лексикалық мағынасынан айырылу нәтижесінде туған көмекші сөздер [3].

Қазіргі қазақ тілінде септеуліктер сөйлемде атқаратын қызметі жағынан олар басқа сөздерден кем түспейді. Бұлар сан жағынан шағын болғанымен, тілде өте жиі қолданылады. Септеуліктер өзгермейтін, дербестігі жоқ сөздер болуына қарамастан, тіркескен есім сөздерін синтаксистік қатынасқа келтіріп белгілі бір септіктерді меңгеріп тұрады. Септік жалғауларының грамматикалық мағыналарын жетілдірумен бірге, септеулі сөзді басқа сөздермен байланыстырып және оларды меңгеретіндіктен, бұл көмекші сөздер септеуліктер делінеді.

Олар ішкі мазмұны (мағынасы), сыртқы формасы (дыбыстық жағы), сөйлемдегі қызметі жағынан өзінше дербес категория. Шылаулардың мағынасы, грамматикалық қызметі атауыш сөздермен тіркескенде ғана анықталады [4].

Тілімізде сөйлем ішіндегі сөздерді өзара байланыстырып құрастыру-тіркестіру тәсілінің бірі болып саналатын шылау сөздердің жеке бір тобы — демеулік шылаулар.

Демеуліктер — өз алдына дербестігі жоқ көмекші сөздер. Олар шылаулардың басқа түрлері (жалғаулық, септеулік) іспеттес абстрактылық ұғымды білдіреді. Солай бола тұрса да, демеуліктер өзіндік көмекшілік ерекшелігін сақтай отырып, сол жалғаулық, септеулік сияқты грамматика-семантикалық топта жалпы шылау сөздермен құрмаласа қаралуға тиіс.

Демеуліктердің көпшілігі қосымшалар тәрізді өздері тіркескен сөздерінің соңғы дыбыстарының әуеніне қарай *ма//ме, ба//бе, па//пе, да//де, та//те, қана//ғана, шы//ші* т.б белгілі-белгілі дыбыстық вариантта болып келеді. Бірақ демеуліктер қосымшалардай белгілі бір сөз табына телулі болмайды. Олар әр алуан тұлғадағы көптеген сөздерге, яғни барлық сөз таптарына тән сөздерге тіркесе береді және жұрнақтар сияқты сөздің лексикалық мағынасын да өзгертпейді, басқаша айтсақ, жаңадан сөз жасамайды.

Сол себепті де демеуліктерді қосымшалармен теңестіріп, тек морфологиялық категория деп танып, синтаксистік қатысы жоқ екен деп қарауға әсте болмайды. Демеуліктер негізінен абстрактылы сөздер қатарында жеке сөзге қатысты ғана болып қоймай, сонымен бірге сөйлемнің мағынасы мен құрылысына тікелей қатысты семантика-грамматикалық категория болып табылады. Рас, қайсыбір демеуліктердің өздерінің де алғаш дербестік мағынасынан ажырап, көмекшіге ауысқаны сияқты, қосымшаға да айналып бара жатқандары бар. Мысалы, «ма» демеулігі түбір мен қосымшаның арасына түсіп, қысқанданып, «мы-мі» болып, тілектік ұғымдағы «шы//ші» демеуліктері түбірімен бірге келіп, жұрнаққа айналып бара жатқандығы да кездеседі. Бірақ бұған қарап демеуліктерді жалпы қосымшаға бейім сөздер деп есептеуге болмайды.

Демеуліктердің сөйлем құрылысында адамның көзқарасы мен көңіл-күйін көрсетудегі алатын орны синтаксистік қызметі деп танылып, грамматика-семантикалық топта қаралуға тиіс. Мысалы: *Қап, мына абыройсыз, бар абыройдан бір-ақ айрылды-ау! Абай: «Дәмі қайтпас тәтті бар ма!» — депті. Алданып сұм дүниеге жүрген шығар. Шығанақ оған бала оқытушы ғана деп қарамайды.*

Осы жоғарыда келтірілген мысалдардан кейде ызалану, кейде күмәндану, кейде таңырқау, топшылау, шамалау, кейде құптау, жұптау тәрізді жазушының білдіргісі келген қалтарысты жайттарын оқушыға әсерлі етіп көрсетуіне өзге де көмекші құралдармен қатар демеуліктердің де талғай, таңдай қолданылуы сол демеуліктердің сөйлемнің ішкі модальдық мәніне қажетті дәнекер екенін аңғартады. Ендеше, демеуліктердің жалғаулық, септеулік сияқты синтаксистік категория екеніне ешбір күмәндануға болмайды.

Сонымен, демеуліктер — дербестік лексикалық мағыналары болмағанымен, сөйлем ішінде басқа сөздерді өзара қарым-қатынасқа келтіріп, байланысын күшейтетін топтағы көмекшілер, яғни семантика-грамматикалық мағыналары жағынан адамның әр түрлі сезім жайттарын анықтай түсетін сөздер. Демеуліктер де жалғаулық пен септеулік тәрізді шылаудың қатарындағы сөздер, яғни сөздіктің қатарынан шығып қалған сөздер емес. Демеуліктер сөйлем ішіндегі, құрамындағы белгілі бір сөзге я сөйлемшеге тіркесе келіп, осы сөйлемдерге алуан түрлі абстрактылық мағына қосу үшін жұмсалады.

Демеуліктер, негізінен, өздері тіркескен сөздердің я сөйлемнің мағынасына, ұғымына сөйлеуші немесе жазып отырған адамның әр түрлі көңіл-күйінің шырайын, реңкін, райын және әр қилы қатысын үстемелеп тұрады, яғни демеуліктер негізінен өздерінің қатысы бар сөздерінің адам көңіл-күйіне байланысты ұғымын нақтылайды, даралайды. Мысалы: *Сөйлесіп ебін табатын да адам жоқ-ау!... Осындай істер әр елде болатын шығар деймін. Әй, иттің ғана малы-ай, шашымды ағарттың-ау!*

Бұл сөйлемдердің біріншісіндегі «да» демеулігі «табатын» сөзінің мәнін күшейтсе, «-ау» демеулігі өкінуді білдіріп, екеуі келіп ереше ызалануды аңғартады. Екінші сөйлемдегі «шығар» сөзі дәл осы сөйлемде адамның өзіне айтып отырған ойына сенімділігін ескерту ұғымын үстемелейді. Үшінші сөйлемдегі «ғана» тек жағымсыз, теріс мінезді адамға тән екеніне шек қоя айтуды, «-ай» демеулігі қатты ренішпен қаратыла, «-ау» сөзі күйінішпен түңілуді күшейте айтуды көрсетеді де, осындағы демеуліктердің бәрі жиналып келіп, сол сөйлемде күйінішті күшейте түсіп, налудың зілділігін, тіпті ашынуудың аяныштылығын баяндайды. Міне, осы тәрізді демеуліктердің семантика-грамматикалық мағыналары адамның көзқарасы мен көңіл-күйін білдіруі жағынан демеуліктерді модаль сөздермен белгілі бір сөзге тіркесе келіп, сол сөздің ұғымына ортақтас болмайды. Модаль өздердің көпшілігі сөйлемде сөйлеушінің көзқарасын аңғарту үшін келтірілгенімен, басқа сөздерден дауыс ырғағы арқылы да оңашаланып келеді және оқшау сөз ретінде сөйлемде үтірмен бөлініп беріледі. Мысалы: *Менің аянған жерім болды ма, сірә? Бұл Абайдың, әсіресе жауап айтар, не айтар екен? деп асыға күткен жайы еді.* Тіліміздегі *әрине, мүмкін, бәсе, әйтеуір, тиіс, ендеше, бәлкі, бар, жоқ, аз* сияқты т.б. модаль сөздердің өз алдына дербестік қасиеті бар. Сондықтан олардың кейбіреулері сөйлем мүшесі де бола алады. Мысалы: *Құсалықпен өтті ғой, Махамбеттің көп ісі* дегенде «көп» анықтауыш болып тұр. *Теретін тезек біздің елде де бар* дегенде «бар» — баяндауыш.

Өз бойында лексикалық мағынасының элементтерін молырақ сақтаған, азды-көпті семантикалық дербестігі бар шылаулар өздері тіркесетін атаушы сөздердің негізгі мағыналарына аз да болса, өз үлесін қосып отырады. Ал өздерінің бастапқы лексикалық мағыналарынан тым алшақтап кетіп, семантикалық дербестігін мүлдем жоғалтып алған шылаулар өздері тіркесетін атаушы сөздердің тек формалдық-грамматикалық компоненттері ретінде ғана қолданылады. Мұндай шылаулар грамматикалық сипат жағынан аффикстерге бір табан жақын болады, бірақ олар атаушы сөздермен тіркескенде жеке сөздік бейнесін жоғалтпайды [5].

Жекелеген түркологтардың айтқандары болмаса, жалпы түркі тектес тілдерде, оның ішінде қазақ тілінде, тіпті орыс тілінің өзінде де, модаль сөздердің әлі толық зерттеліп жетпегені мәлім. Дегенмен, мағыналық жағынан модаль сөздер демеуліктермен сыбайлас бола тұрып, қазақ тілінде қолданылуы жағынан жеңіл ажыратылады. Неге десеніз, шылаудың басқа түрлеріндей демеуліктердің де дербестік мағынасы жоқ. Олар тек басқа сөздерге көмекшілік ретінде қолданылып, оң беріп, сол дербес мағыналы сөздердің негізгі ұғымына модальдық түсінікті күшейтеді, кейде өзара байланыстырып тиянақтап та тұрады. Мысалы: *Жиен-ау көзің талды ғой... Жаңа ғана үйде деген кіріп қана шығам, — деді ол Бүркітбайға. Қош келдіңіз, — деп аттың шаужайына оралды жігіт. Шығанақ сонда ғана арбадан түсті. Шырағым, ұйқың келген шығар. Ойға алғанның бәрі түгіл бірі жоқ. Сен түгіл өзім де анық білмеймін. Ырғызбайдан атқа мінген жиырма кісі Күнтаудың аулына келіп, ошарылып бір-ақ түсті. Келді де сәлем берді төресіне, аз-ақ тұр шықпай жаны денесінде. Қолдан келе бере ме жұрт меңгермек? Әлде бір алма мойын әниі ме екен? Ертең Айға, Шолпанға саяхат етіп адам да барады. Мына топырдың аяғы брдемеге апарып соғып жүре ме дегенім де...*

Сөйтіп, демеуліктер көп жағдайда, әсіресе модаль сөздер мен жалғаулықтарға бейімділігі бар бола тұрса да, өз алдына жартылай грамматикалық, жартылай лексикалық типтегі сөздер болып табылады.

Демеуліктер жалғаулық шылаулар сықылды тұлға жағынан тиянақталған бір ыңғайлас сөздерге тіркесіп, бұларды өзара байланыстыра келіп, түрліше логика-грамматикалық қызмет атқарады. Мысалы: *Шыны ма, тас па, әйтеуір асылдың тегі өзі* дегенде, «ма, па» демеуліктері сөйлемнің бірыңғай мүшелерімен тіркесіп келіп, әдеттегідей сұрау емес, талғау, таңырма ұғымын білдіріп тұр және сол бірыңғай мүшелерді байланыстырып та тұр.

Ал, ыңғайлас жалғаулыққа жатқызылып жүрген «да, де, та, те» шылаулары, сол жалғаулық болумен бірге, көп реттер де күшейткіш демеулік қызметін атқарады. Мысалы: *Ойнаймыз да күлеміз, Тебіскен тай мен құлындай* дегенде, «да» — жалғаулық. Өйткені бұл жерде олар сөйлемнің бірыңғай мүшелерін байланыстырып тұр. Ал, *Сен де бір кірпіш дүниеге* дегенде, «де» көмекшісі «сен» сөзіне ерекше көңіл аударып, басқа емес, не тыңдап, не оқып отырған адам екенін арнай көрсетіп тұр. *Сабақ деген мектепте ғана емес, өмірде де бар* деген сөйлемде «де» көмекшісі «өмір» сөзіне ерекше көңіл аударып, соның мәнін күшейтіп тұр. Тек «өмірде бар» десек, ешқандай әсер алмас ек. Ал, «де» сөзін қосып айтқанда, ерекше сезім, көңіл-күйімен байланысты айтылады.

Сондықтан «да, де» көмекшісін осындай көңіл-күйімен байланысты болып келгенде күшейткіш демеулік деп танығанымыз жөн. «Да, де» сөздерінің жалғаулыққа сәйкеспейтін мұндай ерекшелігі

жи кездеседі. Мысалы: *Сен түгіл өзім де анық білмеймін. Онда жаяу тарта берем де. Өткел жайын да айттым. Дәл өзі болды да қойды.*

Жалғаулықтардың демеулікке қарағанда тағы бір ерекшелігі бар. Ол көп ретте ешбір сөзге тіркеспейді, дербес тұрады да, сөздерді не сөйлемдерді саралап көрсетеді немесе сөйлемнің бірыңғай мүшелерін байланыстырғанда екеуіне де қатысты болып келеді. Мысалы: *Ендеше, не ер бол да ақта! Немесе илан да жазала!* Ал, демеулікте өзінен бұрынғы сөздермен тіркесіп келіп, сол тіркескен сөзінің ішкі мағынасына ортақтасады да, кейбір жағдайларда сол сөздің грамматикалық мағынасын түрлендіріп, онымен тұтасып та кетеді. Осы жағынан алғанда, демеуліктер септеулік шылауға ұқсайды. Олар сөйлем ішіндегі бір сөзге жанаса келіп, сол сөзді келесі бір сөзбен байланыстырып тұрады. Тіпті сол сөздің құрамына да енеді. Мысалы: *Меніңше, елге қайтасын ғой деймін. Осындай иі қатты Олжабектің бабын табатын бір ғана Жамал. Сен түгіл өзім де анық білмеймін. Білсем, алдеқашан айтбайын ба.*

Бұл сөйлемдердегі «ғой, ғана, түгіл, ба» демеуліктер өздері қатысты: «қайтасын, бір, сен, айтпайын» деген сөздерге тіркесіп жоғарғыда аңғартқанымыздай, оларды келесі сөздермен байланыстыру да, тиянақтауда да өте қажеті болып тұр. Бұған дәлел келтірейік. Бірінші сөйлемдегі «ғой» демеулігін алып тастап айтсақ, бұл сөйлемдегі ой жалаң бұйрық болып шығар еді. Ал «ғой» демеулігін қосып айтқанда, тұжырымды мегзеу бар екені аңғарылады. Үшінші сөйлемдегі «сен» деген сөз «түгіл» демеулігімен айтылмайынша, басқа сөздермен ешқандай не мағыналық, не грамматикалық байланыста болмай қалады. «Түгіл» демеулігі бұл арада өте қажетті болып тұрғандығы өз-өзінен айқын. Төртінші сөйлемнің осы бір келтірілген құрылысында «ба» демеулігінен сөйлемді тиянақтауға болмайды.

Демеуліктердің сөзге тіркесуі жағынан септеуліктерге ұқсас болғанымен, олар септеуліктер сияқты өздерінің тіркесетін сөздерінің белгілі бір тұлғада келуін тілемейді. Септеуліктер өзі тіркесетін сөздерінің белгілі септік формада келуін тілейді. Ал, демеуліктер олай емес, кез келген формадағы сөздермен тіркесе береді.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 *Сыздықова Г.О.* Қазіргі қазақ тілі морфологиясы. — Алматы: Дәуір, 2012. — 142-б.
- 2 *Төлеуов Ә.* Сөз таптары. — Алматы: Мектеп, 1982. — 120-б.
- 3 *Оралбай Н.* Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. — Алматы: Қайнар, 2007. — 328-б.
- 4 *Ысқақов А.* Қазіргі қазақ тілі. Морфология. — Алматы: Арыс, 1991. — 119-б.
- 5 *Қазақ грамматикасы.* — Астана: Ғылым, 2002. — 362-б.

Т.Т.Примбетов, А.А.Ахметова

### Морфологическая структура и лексико-грамматические значения предлогов казахского языка

Статья посвящена языковой природе предлогов как служебной части речи. Рассмотрены морфологическая структура и лексико-грамматические значения предлогов казахского языка. На основе языкового материала проанализированы грамматические особенности предлогов в казахском языке. Они охарактеризованы как служебные слова, обозначающие отношения между объектом и субъектом, выражающие синтаксическую зависимость имен существительных (или слов, употребляемых в функции существительного), местоимений, числительных от других слов в словосочетаниях и предложениях, которые не могут употребляться самостоятельно, они всегда относятся к какому-нибудь существительному. Вследствие своей синтаксической несамостоятельности предлоги никогда не выступают в качестве членов предложения. Они обслуживают управление как вид подчинительной связи, будучи связанными с управляющим компонентом словосочетания. Авторы делают вывод о том, что данная часть речи сформировалась за счёт других лексико-грамматических разрядов.

T.T.Primbetov, A.A.Akhmetova

### **Morphological structure and lexical and grammatical values of pretexts of the kazakh language**

Article is devoted to the language nature of pretexts as auxiliary part of speech. In article the morphological structure and lexical and grammatical values of pretexts of the Kazakh language are considered. On the basis of language material grammatical features of pretexts in the Kazakh language are analyzed. They are characterized as the syntactic words designating the relations between object and subject expressing syntactic dependence of nouns, pronouns, numerals on other words in phrases and offers can't independently be used, they always treat any noun (or to the word used as a noun). Owing to the syntactic dependence pretexts never act as sentence parts. They serve management as a type of subordinative communication, being connected with the operating phrase component. Authors draw a conclusion that this part of speech was created at the expense of other lexical and grammatical categories.

#### References

- 1 Syzdykova G.O. *Morfologiya of modern Kazakh language*, Almaty: Daur, 2012, p. 142.
- 2 Toleuov A. *Parts of speech*, Almaty: Mektep, 1982, p. 120.
- 3 Oralbay N. *Morfologiya of modern Kazakh language*, Almaty: Kaynar, 2007, p. 328.
- 4 Iskakov A. *Modern Kazakh language. Morphology*, Almaty: Arys, 1991, p. 119.
- 5 *Kazakh grammar*, Astana: Gylym, 2002, p. 362.